



Бекітемін
Мектеп директоры
«31» тамыз 2023ж.

А.Р.Тлеулина

Келісемін

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Ш.С.Хусайнова

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі «Өзін-өзі басқару» ұйымының
2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс**

ЖОСПАРЫ

Орындаған Г.Қ. Табынбай

2023-2024 оқу жылы

«Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын іс шаралар жоспары

Парламент мақсаты:

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Парламент міндеттері:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

**«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту ұйымының
2023-2024 оқу жылында атқарылатын іс шаралар жоспар**

Айы	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Жобалық қызметінің бағыттары	Сыныбы	Серіктестер	Жауаптылар
Қыркүйек	Өзін –өзі басқару ұйымын құру, ұйым топбасшысын, ұйым мүшелерін сайлау	«Құқық және тәртіп» жобасы	5-11	ТДЖО, Ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Жол ережесін білесіз бе?» /сыныптан тыс/	«Құқық және тәртіп» жобасы	1-4	ТДЖО, Тәлімгер	Фракция мүшелері
	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	ТДЖО, Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Денсаулық – сенің байлығың» /флешмоб/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	5-11	Тәлімгер, Сынып жетекшісі, Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
Қазан	«Қарттарым – асыл қазынам» /мерекелік бағдарлама /	«Өзін-өзі басқару және бақыт» жобасы	5-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Дублер күні»	«Ақпарат» жобасы	9-11	ТДЖО, Тәлімгер,	Фракция мүшелері
	«Golden party» ханзадалар мен ханшайымдар байқауы	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-8	Тәлімгер	Фракция мүшелері
Қараша	«Жасөспірімдер арасындағы нашакорлықтың алдын алу» / дөнгелек үстел/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Күзгі бал-2023» байқауы	«Мәдениет және өнер» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» / дөнгелек үстел /	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	Спорттық шаралар /оқушылар мен педагогтер арасында/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	9-11	Тәлімгер,	Фракция мүшелері
	«Желтоқсан тәуелсіздіктің бастауы» / дөнгелек үстел/	«Ақпарат» жобасы	9-10	Тәлімгер	Фракция мүшелері
Ақпан	«Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» /патриоттық әндер байқауы/	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-9	Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Тәуелсіздік сур» мектепішілік турнир /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі	Фракция мүшелері
	«Балалар игілігі үшін»	«Қамқорлық» жобасы	7-11	Сынып жетекшілер, тәлімгер	Фракция мүшелері
Ақпан	«Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік» /дөнгелек үстел/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-10	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Мейірімділік жүректен» /жәрмеңке/	«Қамқорлық» жобасы	5-11	Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері

	/спорттық ойындар/ «Бала құқығы» /дебат/	өмір салты» жобасы» «Ұшқыр ой алаңы»		өзін-өзі басқару ұйымы	мүшелері
Ақпан	«Жемқорлыққа жол жоқ» /бейнеролик/ «Кітап time» оқырмандар клубы	«Құқық және тәртіп» жобасы «Ақпарат» жобасы	7-8 7-8 5-11	Ұйымдастырушы педагог Өзін-өзі басқару ұйымы Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері Фракция мүшелері
	«Бүгінгі заманның құндылығы неде?» /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Тәлімгер, Кітапханашы	Фракция мүшелері
	«Табиғатты қорғау – тазалықты сақтау» /тәрбие сағаты/	«Экология және еңбек» жобасы	5-6	Дебат клуб жетекшісі Өзін-өзі басқару ұйымы Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Көктем аруы-2024» байқауы	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
Наурыз	«Ұлттық киім ұрпаққа мұра» /челлендж/	«Мәдениет және өнер» жобасы	1-11	Сынып жетекшілер Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Атадан – өсиет, анадан – қасиет» / тиым сөздердің мағынасы/	«Өзін-өзі тану және бақыт» жобасы	5-8	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Салт-дәстүр – асыл қазынам» /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Сәуір	«Біз өнерлі жастармыз!» /флешмоб/	«Мәдениет және өнер» жобасы	1-4, 5-8	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы, ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Табиғат тамашалары» /суреттер байқауы/	«Экология және еңбек» жобасы	4-6	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Асар» /челлендж/	«Қамқорлық» жобасы	5-11	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Шетелде білім алу қажет пе?» /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Мамыр	1-мамаыр – Ұлттар достастығы	“Өзін-өзі тану және бақыт” жобасы	1-11	ДТДЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	Ұлы жеңіске -79 жыл /салтанатты жиын/	“Өзін-өзі тану және бақыт” жобасы	1-11	ДТДЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	Халықаралық отбасы күні	“Өзін -өзі тану және бақыт” жобасы	1-11	ДТДЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында «Өзін-өзі басқару» ұйымы жұмысының талдау есебі

2023-2024 оқу жылының басында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді-мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс істеуде. Өзін-өзі басқару ұйымының міндеті:

1. Мектеп оқушыларын бірыңғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
3. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Жоспарға сәйкес іс-шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

- 2023 жылдың 9 қыркүйек күні ЖИД ҚМ «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ -де өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері, мектеп жасақтарының оқушылары мектеп инспекторы, мектеп тәлімгері Г.Қ.Табынбай «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы аясында өткізілетін «Абайлаңыз, балақай!» акциясына қатысты.
- 2023 жылдың 26 қыркүйек күні «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ -де мектептегі өзін-өзі басқару Президентін сайлау өтті. Сайлау қорытындысы бойынша 10-сынып оқушысы Тәжіғалиева Арайлым мектеп президенті болып сайланды.
- «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен кездесу өткізіліп, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.
- 1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері, мектеп оқушыларының ата-әжелеріне арнап мерекелік концерт ұйымдастырып, қазыналы қарияларымызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, мереке қарсаңында ұйым мүшелері ауданымыздағы жалғызбасты қарияның үй шаруашылығына көмек көрсетіп, алғысын алды.
- 2023 жылдың 5 қазан күні мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері ұстаздар күніне орай «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік концерт ұйымдастырды. Мектеп

мұғалімдеріне ашық хаттар жолдап, мерекемен құттықтады. «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері «Дублер» күні ұйымдастырылып, ұстаздардың орнына сабақ өткізді.

- Ұйым белсенділерінің ұйымдастыруымен «Golden Party» ханзадалар мен ханшайымдар байқауы ұйымдастырылып, алтын күз мерекелік шарасы өтті.
- 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай ұйым белсенділерінің ұйымдастыруымен «Қыран елім - Қазақстан» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, мектеп оқушылары әсем ән шырқап, мың бұрала би билеп, патриоттық тақырыпта өлеңдер оқылды. «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық жобасы жұмысын іске асыру мақсатында мектепішілік дебат турнирі өтті.
- Жаңа жыл мерекесіне орай «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері 5-11 сыныптар арасында «Жаңа жыл ғажайыптары» атты конкурс ұйымдастырды. Оқушылар жаңа жылға байланысты викториналық сұрақтарға жауап беріп, қызықты ойындар ойнады. Сыныптар номинациялар бойынша марапатталды.
- Қаңтар айында ұйым белсенділері арасында «Ой мен ойын» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Шараның мақсаты: оқушылар арасында жағымды атмосфера қалыптастыру, интеллектуалды қабілеттерін арттыру. «Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік» тақырыбында мектеп инспекторының қатысуымен дөңгелек үстел өтті.
- «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділері қайырымдылық акциясына қатысып, жұмыспен қамту орталығының қызметкерлеріне көшелерді қардан тазарту жұмыстарына көмек қолын созды.
- Ұйым белсенділерінің ұйымдастыруымен, мектеп ата-аналарының қатысуымен «Шексіз әлем» қайырымдылық концерті ұйымдастырылды. Шара аясында оқушылар мен ата-аналар әсем ән шырқап, күмбірлете күй тартып, көркем биімен кештің көркін қыздырды.
- «Кітап time» оқырмандар клубы ашылып, мектеп оқушылары арасында оқырмандар байқауы ұйымдастырылып, үздіктер анықталды. Шараның мақсаты: оқушылар арасында көркем шығармаларға қызығушылығын арттырып, жүйелі оқырмандар ортасын қалыптастыру.
- «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық жобасы жұмысын іске асыру мақсатында мектепішілік дебат турнирі ұйымдастырылып, жеңімпаздар аудандық кезеңге жолдама алды. «Алғыс айту – ізгіліктің бастауы» атты аудандық дебат турнирінде бақ сынады. Аудандық турнир қорытындысы бойынша ІІ орын иеленіп, фракция лидері Ануаров Ақниет – «Үздік спикер» атанды.

- «Ұлттық киімдер ұрпаққа мұра» республикалық ұлттық киімдер челленджіне ұйым белсенділері де қатысып, қазақы нақыштағы ұлттық киімдер шеруін ұйымдастырды.
- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Ұлттар достастығы» тақырыбында сурет байқауы өтті.
- 15 мамыр – халықаралық отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында сыныптарда ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
- 25 мамыр күні «Мектебім, саған, мың алғыс!» тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты шарасы ұйымдастырылып, мектеп түлектері алтын ұясымен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты.

Мектеп директоры



А.Р. Тлеулина

Мектеп тәлімгері

A handwritten signature in blue ink.

Г.Қ. Табынбай